



«Бекітемін»
ҚР ОМ «ҰҒПДТО» РМҚК
Бас директоры
С. Садықов

2023 ЖЫЛҒЫ «_____» _____

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ
ОРТАЛЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРНЫ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ
НҰСҚАУЛЫҚ**

Астана қ., 2023 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (әрі қарай - Орталық) қызметінің тыйымдар, шектеулер және рұқсат беру жүйесін қамтиды.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулықты әзірлеу міндеттері: Орталықта жұмыс істейтін адамдардың нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулықтың міндеттері:

1) функционалдық міндеттерді жүзеге асыру кезінде Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарын болдырмау;

3) Орталық қызметінің тиімділігін арттыру

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулықты қолдану және орындау

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық Орталық қызметінде тұрақты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтауға және олардың теріс салдарын болдырмауға арналған.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық Орталық қызметкерлеріне орындауға міндетті болып табылады.

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдануға және орындауға РМҚК барлық қызметкерлері жеке жауапты болады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулыққа өзгерту енгізу «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс әрекет» туралы ҚР Заңының 10 бабы, 2 тармағына сәйкес жүргізіледі.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық Орталық қызметкерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және қызмет саласына тәуелділіктің сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

7. Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылауды сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

2. Орталық қызметкерлерінің, тұлғалардың мінез-құлық ережелері Тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар

8. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру кезінде:

1) өзінің қызметтік өкілеттігін жүзеге асыру кезінде өз міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, көрсетілетін қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға тиіс;

2) мүдделер қақтығысына жол бермейді, ал ол туындаған кезде заңнамаға сәйкес жою бойынша шара қолданады;

3) өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында Мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру кезінде қызметтік жағдайын пайдаланбау;

4) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдар, ұйымдар, мемлекеттік қызмет және басқа адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбайды.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

1) заң бойынша тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген қылықтар мен өзге де заң бұзушылықтар жасауға жол бермейді;

2) жеке мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға тиіс;

3) қызметтік міндеттерін орындау барысында іскерлік әдеп пен ресми тәртіп ережелерін сақтайды.

3. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау қабылдау кезінде

10. Қажет болған жағдайда тікелей немесе тікелей басшының назарына мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы жеткізу.

11. Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделерді басшылыққа алмау.

12. Әріптестер мен басшыларға өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тарту.

13. Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу және көтермелемеу.

14. Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не

артықшылық алу үшін сыйлықтар бермеу және қызметіне сай емес қызметтер көрсетпеу.

15. Лауазымдық міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы алмайды.

16. Жеке мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға тиіс;

17. Егер ол жақын туыстық қатынастағы адамдардың (ата-аналары, жұбайлары, бауырлары, әпкелері, балалары) тікелей бағыныстылығымен немесе бақылауында болуымен байланысты болса, лауазымға тағайындалудан бас тарту;

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрады, сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықты ашуға белсенділік танытады.

19. Сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері туралы сондай ақ материалдарды немесе әуре сарсандарды жеделдетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа дереу баяндау.

20. Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшыға дереу жазбаша нысанда хабарлау.

21. Егер тікелей басшы, мүдделер қақтығысына қатысса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну.

22. Әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету.

23. Мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындау себептері мен жағдайларын және олардың салдарын жою жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау.

24. Табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту.

25. Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе мүдделер қақтығысын жасаудан бас тарту, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасау.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету, лицензиялық-рұқсат беру функцияларын іске асыру және халыққа өзге де қызмет көрсету кезінде Орталық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне ұсынылады:

26. Тұрақты негізде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау.

27. Мемлекеттік қызметтерді алуға өтініштерді қарау кезінде әуре сарсаңға салу фактілеріне жол бермеу.

28. Мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш берушілермен қызметтен тыс қатынастарға түспеу.

29. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген кезде басшылыққа баяндау.

30. Мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш берушімен тікелей байланысты барынша азайту.

31. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етпеу.

32. Ақпараттық жүйелерге қарауға қабылданған мемлекеттік қызметтер көрсету туралы өтініш туралы, сондай-ақ оларды қарау мәртебесі туралы мәліметтерді уақтылы енгізу.

5. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды іске асыру кезінде мыналар ұсынылады:

33. Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау.

34. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер ұсыну.

35. Әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестік.

36. Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету.

37. Сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау.

38. Өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар не өткізілетін мемлекеттік сатып алуларда тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілдері болып табылатын осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының немесе осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының немесе жекжаттарының мемлекеттік сатып алуға қатысуына жол бермеу.

39. Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бірыңғай борышкерлер тізіліміне қосылған әлеуетті жеткізуші және (немесе) оларға тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысушыға жол бермеу.

6. Жұмыстың ерекшелігіне байланысты қоғамдық маңызы бар қатынастар туындаған жағдайда

40. Кадрларды туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге тиіс.

41. Бағынышты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттігінің көлемін нақты және анық белгілейді.

42. Бағыныштағы лауазымды тұлғалардың арасындағы еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермейді.

43. Олардың әрекеттерінің нәтижелерін бағалау барысында, сондай-ақ мадақтау және жаза қолдану кезінде шындық және әділдік танытады.

44. Олардың лауазымдық міндеттерінен тыс немесе орындалмайтын, сондай-ақ заңға қайшы тапсырма бермейді.

45. Қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу барысында бағыныштылардың әрекеттеріне әсер ету үшін қызмет бабын пайдаланбайды.

46. Қарамағындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу.

47. Бағынышты және басқа да лауазымды адамдар тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуге.

48. Әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша толық шараларды уақтылы қабылдау.

49. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша кешенді шаралар қабылдау.

50. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, оның ішінде қарамағындағыларға да қатысты жағдайларды жою.

51. Қызметтік немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін, оның ішінде қарамағындағыларды тартуға жол бермеу.

7. Орталық қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

52. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру - бұл қызметкерлердің қоғамда жалпыға бірдей танылған құндылықтар жүйесінің призмасы арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қажеттілігіне деген сенімін нығайту жөніндегі қызмет:

- 1) патриотизм сезімін дамыту;
- 2) жақын адамдарға деген сүйіспеншілік;
- 3) адамдардың аға буынына құрметпен қарау;
- 4) ҚР аумағында тұратын халықтардың ұлттық дәстүрлеріне құрметпен қарау.
- 5) өз елінің тарихын білу.

53. РМҚК қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген теріс қылықтарына, тіпті ең елеусіздеріне төзбеушілікті үйрету. Бұл ретте, негізгі екпін жазаның бұлтартпастығына, оқиғаға төтенше жағдай деңгейін беруге, ұжымдық талқылаумен және алдағы уақытқа жол бермеу бойынша алдын алу шараларын әзірлеумен жасалуы тиіс.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен алдын алуға бағытталған жұмысты ұйымдастыру бойынша құрылымдық бөлімшелер басшыларының дербес жауапкершілігі

54. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 22-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

55. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралардың тиімділігі көбінесе Орталық құрылымдық бөлімшелері басшыларының

қағидаттық ұстанымына байланысты, ол іс-қимылдардың жүйелілігімен, жүйелілігімен және үздіксіздігімен сипатталуы тиіс.

Тіршілік әрекеті саласы ерекшелігіне байланысты өзге қарым-қатынастар кезінде:

іскерлік әдеп пен ресми тәртіп ережелерін сақтайды;

басқа қызметкерлер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзышылығын болдырмау немесе бетін қайтару бойынша шаралар қолданады;

ұжымда, әріптестердің ар намысы мен абыройына нұқсан келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан бас тартады.